

ГТАХР / МРНТИ / IRSTI 78.09.15

ӘОЖ 94(574)1941/1945:355.48

<https://doi.org/10.51889/2959-6017.2026.89.2.032>

А.А. Ислямова  *¹

¹Қазақстан тарихы және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының PhD докторанты, Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Өскемен, Қазақстан, e-mail: bakytzhan_azhar@mail.ru, orcid.org/0009-0008-6145-9241

ҚАСЫМ ҚАЙСЕНОВТІҢ ПАРТИЗАНДЫҚ ҚЫЗМЕТІ: ӘСКЕРИ-СТРАТЕГИЯЛЫҚ ТАКТИКАСЫНЫҢ ТАРИХИ ТАЛДАУЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қасым Қайсеновтің партизандық қызметін әскери-тарихи және тактикалық тұрғыдан зерттей отырып, оның тарихи тұлғасы тереңінен қарастырылады. Мақаланың мақсаты Қасым Қайсеновтің партизандық әрекеттерінің әскери тактикалық қырларын талдап, олардың аймақтық партизандық қозғалысқа және жалпы Екінші дүниежүзілік соғыс тарихына қосқан үлесі айқындалды.

Қазақстандық тарихнамада Қ. Қайсенов тұлғасы негізінен батырлық-биографиялық және публицистикалық деңгейде қарастырылып келеді. Оның естеліктері мен көркем-публицистикалық еңбектерінде нақты әскери операциялар сипатталғанымен, бұл материалдар көбіне дербес тактикалық талдауға түсе бермеген.

Кеңестік кезеңде Ұлы Отан соғысы жылдарындағы партизандық қозғалыс кең көлемде зерттелді. Бұл еңбектерде партизандық күрес Қызыл Армияның стратегиялық құрамдас бөлігі ретінде қарастырылып, оның жау тылындағы коммуникацияларды бұзудағы рөлі ерекше атап өтілді. Қ. Қайсенов феноменін зерттеуде қолданылған дереккөздер мазмұны, шығу тегі және танымдық мүмкіндіктері жағынан біртекті емес. Сондықтан оларды типологиялау зерттеу нәтижелерінің сенімділігі мен шектеулерін айқын көрсетуге мүмкіндік береді. Зерттеудің дереккөздік базасын Қасым Қайсеновтің партизандық қызметін тікелей немесе жанама түрде сипаттайтын әртүрлі типтегі материалдар құрайды.

Зерттеу нәтижесі Қ. Қайсенов тәжірибесі «шағын соғыс» теориялары аясында қайта пайымдалып, отандық тарихнамадағы публицистикалық басымдықты әскери-талдамалық деңгеймен толықтыруға бағытталған ұстанымды нақтылайды.

Түйін сөздер: Қасым Қайсенов, партизандық соғыс, диверсиялық операция, барлау-шабуыл тактикасы, шағын соғыс, әскери тарих.

А.А. Ислямова *¹

¹PhD докторант кафедры истории Казахстана и социально-гуманитарных наук,
Восточно-Казахстанский университет имени Сарсена Аманжолова,
Усть-Каменогорск, Казахстан, e-mail: bakytzhan_azhar@mail.ru
orcid.org/0009-0008-6145-9241

ПАРТИЗАНСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ КАСЫМА КАЙСЕНОВА: ИСТОРИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ ЕГО ВОЕННО-СТРАТЕГИЧЕСКОЙ ТАКТИКИ

Аннотация

В статье исследуется партизанская деятельность Касыма Кайсенова в период Великой Отечественной войны с военно-исторической и тактической точек зрения, глубже раскрыта его историческая личность. Цель статьи - проанализировать военно-тактические аспекты партизанской деятельности Касыма Кайсенова и определить их вклад в региональное партизанское движение и историю Второй мировой войны в целом.

В казахстанской историографии личность К. Кайсенова рассматривается преимущественно на героико-биографическом и журналистском уровне. Хотя его мемуары и литературно-журналистские работы описывают конкретные военные действия, эти материалы часто не подвергаются самостоятельному тактическому анализу.

В советский период партизанское движение во время Великой Отечественной войны изучалось очень подробно. В этих работах партизанская борьба рассматривалась как стратегическая составляющая Красной Армии, и подчеркивалась ее роль в нарушении коммуникаций в тылу врага. Источники, использованные в исследовании феномена К. Кайсенова, неоднородны по содержанию, происхождению и познавательным возможностям. Поэтому их типология позволяет четко продемонстрировать достоверность и ограничения результатов исследования. Источниковая база исследования состоит из различных типов материалов, прямо или косвенно описывающих партизанскую деятельность Касыма Кайсенова.

Результаты исследования показывают, что опыт К. Кайсенова переосмысливается в рамках теорий «малой войны», уточняя позицию, направленную на дополнение журналистского приоритета в отечественной историографии военно-аналитическим уровнем.

Ключевые слова: Касым Кайсенов, партизанская война, диверсионная операция, разведывательно-штурмовая тактика, малая война, военная история.

А.А. Islyamova *¹

¹PhD doctoral student, Department of History of Kazakhstan and Social-Humanitarian Disciplines,
Sarsen Amanzholov East Kazakhstan University, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan,
e-mail: bakytzhan_azhar@mail.ru
orcid.org/0009-0008-6145-9241

THE GUERRILLA ACTIVITIES OF KASYM KAYSENOV: A HISTORICAL ANALYSIS OF HIS MILITARY-STRATEGIC TACTICS

Abstract

The article examines the partisan activities of Kasym Kaysenov during the Great Patriotic War from military-historical and tactical points of view, in order to further reveal his historical personality. This article aims to analyze the military and tactical dimensions of Kasym Kaysenov's partisan

activity and to assess their contribution to the regional partisan movement and to the broader history of World War II.

In Kazakhstani historiography, the personality of K. Kaysenov has been examined primarily through heroic-biographical and publicistic lenses. Although his memoirs, literary works, and journalistic writings describe specific military operations, these materials have rarely been subjected to independent tactical analysis.

During the Soviet period, the partisan movement of the Great Patriotic War was studied extensively. These works generally interpreted partisan warfare as a strategic component of the Red Army's operations, emphasizing its role in disrupting enemy communications and supply lines in the rear. The sources used to study the phenomenon of Kasym Kaysenov are heterogeneous in terms of content, origin, and evidentiary potential. Their typological classification therefore makes it possible to demonstrate more clearly both the reliability and the limitations of the research findings. The source base of this study consists of various types of materials that directly or indirectly describe Kaysenov's partisan activities.

The findings of the study show that K. Kaysenov's experience can be reinterpreted within the framework of "small war" theory, thereby supplementing the predominantly publicistic treatment of his legacy in historiography with a more explicit military-analytical dimension.

Keywords: Kasym Kaysenov, partisan warfare, sabotage operation, reconnaissance and assault tactics, small war, military history.

Кіріспе. XX ғасырдағы қазақ халқының әскери-тарихи тәжірибесінде Қасым Қайсенов тұлғасы ерекше орын алады. Ол майдан шебінен тыс кеңістікте жүзеге асқан партизандық күрестің тірі куәгері ғана емес, сол күрестің ішкі логикасын, күнделікті тактикалық шешімдерін және адам мен соғыс арасындағы шекаралық ахуалды өз тәжірибесі арқылы өткерген тарихи тұлға болды. Қайсеновтің өмір жолы әскери тарихта сирек кездесетін феноменді көрсетеді: жергілікті ортада қалыптасқан тұлғаның жаһандық соғыс жағдайында иррегулярлық соғыстың тиімді агентіне айналуы.

Қайсеновтің ерекшелігі оның тек орындаушы немесе қатардағы партизан болуымен шектелмейді. Ол диверсиялық және барлау-шабуыл операцияларына тікелей қатысып қана қоймай, бірқатар жағдайда тактикалық шешім қабылдайтын, тәуекелді бағалай алатын және жасақтың тіршілік ету қабілетін сақтауға жауапты командир ретінде көрінеді. Бұл қыр оның мемуарларында жекелеген ерлік сәттері ретінде емес, қауіп, белгісіздік және уақыт тапшылығы жағдайында қабылданған шешімдер жүйесі ретінде байқалады. Осы тұрғыдан Қайсенов бейнесі әскери тарих үшін маңызды эмпирикалық материал ұсынады.

Сонымен қатар Қайсенов феноменінің тағы бір маңызды өлшемі – соғыстан кейінгі кезеңде оның жеке тәжірибесін мәтінге айналдыруы. Партизандық қозғалыстың көптеген қатысушылары әскери тәжірибесін жазба түрде қалдырмағанын ескерсек, Қайсенов еңбектері жау тылындағы күрестің ішкі динамикасын реконструкциялауға мүмкіндік беретін сирек дереккөздер қатарына жатады. Бұл мәтіндер оны тек тарихи кейіпкер ретінде ғана емес, әскери тәжірибені мәдени жадқа айналдырған медиатор тұлға ретінде де сипаттауға негіз береді. Дәл осы себепті Қайсеновтің партизандық қызметін ғылыми тұрғыдан талдау жеке тұлға тарихынан асып, иррегулярлық соғыстың нақты тарихи моделін түсіндіруге жол ашады.

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы партизандық қозғалыс XX ғасыр әскери тарихындағы иррегулярлық соғыстың ең ірі әрі жүйелі үлгілерінің бірі болып табылады [1, 230–235-б.]. Бұл қозғалыс идеологиялық немесе моральдық факторлармен ғана емес, нақты әскери-стратегиялық және тактикалық шешімдермен сипатталды [2, 58 б.]. Осы тұрғыдан алғанда, Кеңес Одағы партизан қозғалысының көрнекті өкілдерінің бірі - Қасым Қайсеновтің жау тылындағы қызметін әскери-стратегиялық қырынан талдау ғылыми тұрғыда өзекті мәселе болып табылады. Қасым Қайсенов тұлғасы ерекше назар аударуға лайық. Ол Шығыс

Қазақстан өңірінде қалыптасып, соғыс жылдарында Украина аумағындағы партизандық қозғалысқа қатысқан, диверсиялық және барлау-шабуыл операцияларына тікелей жетекшілік еткен тәжірибелі партизан командирі ретінде белгілі. Сонымен қатар Қайсенов соғыстан кейінгі кезеңде өзінің партизандық тәжірибесін мемуарлық және көркем-деректі проза арқылы жүйелеп, оны қоғамдық жадқа енгізген санаулы тұлғалардың бірі болды.

Алайда отандық және кеңестік зерттеулерде Қайсенов бейнесі көбіне батырлық және публицистикалық дискурс аясында ұсынылып, оның партизандық қызметі әскери-стратегиялық феномен ретінде арнайы талдауға түсе қойған жоқ. Сондықтанда Қ. Қайсеновтің партизандық қызметін жеке ерлік эпизодтарының жиынтығы ретінде емес, «шағын соғыс» логикасына негізделген тактикалық тәжірибе ретінде қарастыру маңызды.

Материалдар мен әдістер

Ғылыми зерттеу мақаласын жазуға Шығыс Қазақстан облысының мемлекеттік мұрағаты деректері және негізгі дереккөздік базасын С.Е. Черных жинақтаған материалдар кешені құрады: машинкамен терілген «Партизанскими тропами» очерк мәтіндері, Қ. Қайсеновке қатысты хаттар, кітаптарының тілдік және таралымдық көрсеткіштері, фотоматериалдар мен иллюстрациялар қолданылды. Сонымен қатар Қасым Қайсеновтің естелік еңбектері, кеңестік және отандық әскери-тарихи зерттеулер, партизандық қозғалыс пен «шағын соғыс» теориясына арналған ғылыми еңбектер талданып, оларға ғылыми сілтемелер жасалды. Осы бағыттағы деректер мен материалдар жүйеленіп, ғылыми мақаланы дайындауға пайдаланылды.

Зерттеу жұмысының теориялық-методологиялық негізін әскери тарих, тарихи жад және тұлғатану бағытындағы отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми тұжырымдамалары құрайды. Тарих ғылымының методологиясында тарихи тұлғаның қоғамдық қызметін зерттеуде тарихи принцип, объективтілік және жүйелілік қағидалары басты орын алады. Осыған байланысты Қасым Қайсеновтің партизандық қызметі мен тарихи бейнесі белгілі бір тарихи кезеңнің саяси-әлеуметтік жағдайларымен байланыста қарастырылды. И. Капасьтың зерттеушілік жазбасында Қ. Қайсенов туралы кең тараған «диверсант-десантшы» нарративтің (мемуарлар мен көркем фильмдерде орныққан) құжаттық негізі дереккөзтанулық сын тұрғысынан қайта қарастырылады [3]. Сонымен қатар, нарративтік талдау әдісі қолданылып, партизандық әрекеттердің батырлық дискурс арқылы қалай құрылатыны, қандай элементтердің тактикалық шындықты күшейтетіні немесе, керісінше, бүркемелейтіні айқындалды. Нақты операцияларды зерделеу барысында тактикалық-ситуациялық реконструкция әдісі пайдаланылды. Бұл тәсіл операция кезінде күштер құрамасы, жер бедері, уақыт факторы, байланыс жолдары және қарсылас реакциясы сияқты негізгі параметрлерді қайта қалпына келтіруге мүмкіндік берді. Алынған тактикалық үлгілер салыстырмалы-теориялық талдау арқылы партизандық соғыс пен «шағын соғыс» теорияларында сипатталған типтік модельдермен салыстырылды. Бұл Қ. Қайсенов тәжірибесінің теориялық контексттегі орнын айқындауға жағдай жасады.

Нәтижелер және талқылау

Кеңестік кезеңде Ұлы Отан соғысы жылдарындағы партизандық қозғалыс кең көлемде зерттелді. Бұл еңбектерде партизандық күрес Қызыл Армияның стратегиялық құрамдас бөлігі ретінде қарастырылып, оның жау тылындағы коммуникацияларды бұзудағы рөлі ерекше атап өтілді. Кеңестік әскери тарихнамада партизандық қозғалысқа ұйымдасқан, орталықтандырылған және идеологиялық тұрғыдан біртұтас сипат берілді. Қасым Қайсеновтің тұлғасы да осы кезеңдегі зерттеулер мен жарияланымдарда негізінен қаһарман-партизан, Отанға адал жауынгер бейнесінде көрініс тапты. Оның соғыс кезіндегі қызметі туралы негізгі дереккөздер автордың өз мемуарлық еңбектері мен замандастарының естеліктері болып табылады [4]. Бұл

еңбектерде нақты операциялар, рейдтер мен диверсиялық әрекеттер баяндалғанымен, олар көбіне көркем-публицистикалық сипатта ұсынылып, әскери-талдамалық тұрғыда жүйеленбеген.

Қ. Қайсенов феноменін зерттеуде қолданылған дереккөздер мазмұны, шығу тегі және танымдық мүмкіндіктері жағынан біртекті емес. Сондықтан оларды типологиялау зерттеу нәтижелерінің сенімділігі мен шектеулерін айқын көрсетуге мүмкіндік береді. Төмендегі кестеде тарихи шолу барысында пайдаланылатын негізгі дереккөз топтары жүйеленді.

Кесте 1 - Қ. Қайсенов бейнесін зерттеудегі дереккөздер типологиясы

Дереккөз түрі	Негізгі өкілдері / мысалдары	Ақпараттық әлеуеті	Әдіснамалық шектеулер
Мемуарлық және көркем-деректі мәтіндер	Қасым Қайсеновтің естелік кітаптары, очерктері	Операция контексті, ішкі мотивация, кеңістік пен уақытты сезіну	Көркемдеу, қаһармандық нарратив, селективті есте сақтау
Замандастардың естеліктері	Партизан серіктерінің, жергілікті тұрғындардың естеліктері	Қосымша куәлік, салыстырмалы перспектива	Кейінгі интерпретация, канондандыру ықпалы
Ресми әскери құжаттар	Марапаттау парақтары, есептер, анықтамалар	Фактологиялық растау, институционалдық мәртебе	Фрагменттілік, тактикалық детальдың аздығы
Публицистикалық және мерейтойлық басылымдар	Газет-журнал мақалалары, мерейтойлық жинақтар	Қоғамдық қабылдау, образдың қалыптасуы	Әскери талдаудың жоқтығы, символизм басымдығы
Әскери-тарихи және теориялық зерттеулер	Партизандық соғыс, «шағын соғыс» теориялары	Салыстырмалы талдау, концептуалдық аппарат	Жеке кейстердің үстірт қарастырылуы

Ескерту: [1-15] әдебиеттер неізінде автормен құрастырылған

Бұл типология Қайсенов бейнесін бір ғана дереккөз тобына сүйеніп емес, көпқабатты деректік өріс ретінде қарастыру қажеттігін көрсетеді. Мақалада негізгі талдау мемуарлық деректерге сүйенгенімен, олар ресми және теориялық деректермен тұрақты түрде салыстырылып отырады.

Қайсеновтің мемуарлық және көркем-деректі еңбектері партизандық соғыстың ішкі динамикасын көрсететін құнды дерек көзі болып табылады. Алайда оларды әскери-тарихи зерттеуде тікелей «операциялық есеп» ретінде пайдалану әдіснамалық тұрғыдан дұрыс емес. Осыған байланысты мақалада мемуарлар көпсатылы дерек ретінде қарастырылады.

Біріншіден, мемуарлар нарративтік дерек ретінде талданады. Онда оқиғалар хронологиялық дәлдікке емес, мағыналық тұтастыққа бағынады: кейбір операциялар біріктіріліп берілуі, уақыт пен кеңістік ықшамдалуы мүмкін. Сондықтан зерттеу нақты даталар мен сандық көрсеткіштерге емес, әрекет логикасына, шешім қабылдау сәттеріне және тактикалық құрылымға назар аударады.

Екіншіден, Қайсенов мәтіндері тактикалық индикаторлар көзі ретінде пайдаланылады. Мысалы, барлау жүргізу тәсілдері, жасырын қозғалу, шегіну маршруттарын сипаттау, жергілікті халықпен байланыс орнату сияқты қайталанатын элементтер жеке эпизодтан гөрі тұрақты тактикалық үлгіні көрсетеді. Осы қайталанымдар арқылы операциялардың типологиясы жасалады.

Үшіншіден, мемуарлар психологиялық және ситуациялық дерек береді. Олар командирдің қауіп жағдайындағы шешім қабылдау логикасын, белгісіздікке реакциясын, тәуекелді бағалау

тәсілін түсіндіруге мүмкіндік береді. Бұл аспект ресми құжаттарда әдетте көрінбейді, бірақ «шағын соғыс» теорияларын тарихи материалмен байланыстыруда маңызды.

Төртіншіден, зерттеу барысында мемуарлық деректер салыстырмалы сүзгіден өткізіледі. Бір эпизод бірнеше дереккөзде (мемуар, естелік, ресми анықтама) ұшырасқан жағдайда ғана тактикалық реконструкция жасалады. Ал тек бір ғана мәтінде кездесетін, бірақ нақты әскери логикамен сәйкес келмейтін фрагменттер символикалық немесе репрезентациялық деңгейде түсіндіріледі.

Осылайша Қайсенов мемуарлары зерттеуде абсолютті ақиқат көзі ретінде емес, тактикалық ойлау мен партизандық тәжірибенің құрылымын ашатын дерек ретінде қолданылады. Бұл тәсіл публицистикалық баяндауды жоққа шығармайды, бірақ оны әскери-тарихи талдауға бағындырады.

Жалпы алғанда, кеңестік кезеңдегі еңбектерде Қайсеновтің партизандық қызметі идеологиялық-героикалық дискурс аясында қарастырылып, оның тактикалық шешімдері мен әскери тәжірибесі дербес зерттеу нысанына айналмады. Бұл жағдай сол кезеңдегі әскери тарихтың идеологиялық шектеулерімен тікелей байланысты болды.

Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін Қасым Қайсенов тұлғасына арналған зерттеулер жаңа серпін алды. Бұл кезеңде жарық көрген еңбектерде оның өмір жолы, ерлігі, ұлт тарихындағы орны кеңінен насихатталды. Қазақстандық тарихшылар мен публицистердің мақалалары, естелік жинақтары, деректі фильмдер мен көркем туындылар Қайсеновті ұлттық қаһарман ретінде танытуға бағытталды [5].

Алайда тәуелсіздік кезеңіндегі зерттеулердің басым бөлігінде де биографиялық және патриоттық бағыт басым болып отыр. Қайсеновтің нақты партизандық операциялары, диверсиялық және барлау-шабуыл әрекеттері әскери тактика тұрғысынан жүйелі түрде талданбаған. Көп жағдайда жекелеген эпизодтар дерек ретінде келтіріліп, олардың әскери-стратегиялық маңызы ашылмай қалады.

Сонымен қатар, отандық еңбектерде Қайсенов тәжірибесін партизандық соғыстың жалпы теориялық контекстінде қарастыру, яғни оны «шағын соғыс», асимметриялық күрес немесе иррегулярлық соғыс модельдерімен салыстыру жеткіліксіз деңгейде жүзеге асырылған. Бұл жағдай тақырыптың ғылыми әлеуетінің толық ашылмауына алып келеді.

Партизандық соғыс пен «шағын соғыс» теориясы шетелдік әскери тарихнамада кеңінен зерттелген. Классикалық және заманауи еңбектерде иррегулярлық соғыстың негізгі белгілері, диверсиялық тактикалар, рейдтік әрекеттер, қарсылас коммуникациясына соққы беру стратегиясы жүйелі түрде талданады [6]. Батыстық әскери теорияда партизандық қозғалыс тек қосалқы күш емес, белгілі бір жағдайда стратегиялық нәтижеге қол жеткізе алатын дербес әскери құбылыс ретінде қарастырылады. Бұл еңбектерде тактикалық үлгілердің типологиясы жасалып, шағын мобильді топтардың әрекет ету логикасы егжей-тегжейлі сипатталады.

Аталған теориялық тұжырымдар Қасым Қайсеновтің партизандық тәжірибесін жаңа қырынан түсіндіруге мүмкіндік береді. Атап айтқанда, оның басқаруындағы диверсиялық операциялар мен барлау-шабуыл тактикаларын иррегулярлық соғыс үлгілерімен салыстыра отырып, нақты әскери-тактикалық модельдер ретінде талдауға болады. Бұл тәсіл Қайсенов әрекеттерін жеке ерлік эпизодтары ретінде емес, жүйелі әскери тәжіриберетінде қарастыруға жол ашады.

Құжаттық деректерді алға тарта отырып, автор Қайсеновтің Украинаға «арнайы тапсырмамен 1941 ж. тасталған» деген нұсқасына балама реконструкция ұсынады: «Чапаев атындағы 8-партизандық бірлестіктің» тізімдік материалдары бойынша ол 1941 ж. 29 шілдеде Кировоград обл. аумағында қоршауда қалған қызыләскер ретінде тіркеледі, ал отряд құрамына кіру уақыты -1942 ж. қараша [7]. Бұдан кейінгі кезең «тірі қалу логистикасы» (паналау, азық, байланыс табу) және жергілікті ортаға бейімделу арқылы сипатталады; 1943 ж. көктемінде партия/НКВД араласуынсыз құрылған №8 бірлестіктің әрекеттері иррегулярлық соғыстың

өзін-өзі ұйымдастыру, шағын топтар маневрі, жергілікті қолдауға тәуелділік сияқты белгілерін айқын көрсетеді.

Сондай-ақ, автор архивтік тексерістерге сүйене отырып, Қайсеновті «арнайы даярланған және 1941 ж. Украинаға лақтырылған» диверсант ретінде дәлелдейтін деректердің табылмағанын, ал УШПҚ (Украина штабы) кадр бөлімінің 1944 ж. № 2836 куәлігінде тек 1944 ж. 2 шілде–28 қазан аралығындағы диверсиялық-ұйымдастырушылық топ құрамындағы түсірілуі көрсетілгенін келтіреді. Бұл тактикалық-ситуациялық реконструкцияда мемуарлық нарратив пен құжаттық «оперативтік іздің» арақатынасын ажыратуға (қай эпизодты операциялық кейс ретінде алуға болатынын) әдістемелік сүзгі ретінде қызмет етеді [3, 73 б.].

Қосымша дереккөздік блок ретінде Шығыс Қазақстан облыстық партия архивінде сақталған «Қ. Қайсенов туралы коллекция» материалдары (1978 ж. мамыр) маңызды: құжаттар пакеті Қайсеновтің өмірбаянын мерейтойлық-өкілдік дискурс логикасымен рәсімдеп, оның соғыс жылдарындағы қызметін «канондық» үлгіде баяндайды [8]. Аталған істе 16.05.1978 ж. КСРО Жазушылар одағы жанындағы әдеби қордың (литературный фондтың) қазақ бөлімшесінің обком басшылығына жолдаған хаты және қысқаша биографиялық анықтама бар: онда Қайсеновтің «әскери-барлау мектебінен» өткені, «штабқа жіберілгені» және «арнайы тапсырмамен оккупацияланған Украина аумағына лақтырылғаны» сияқты мәліметтер қайталанады [8, 2 п.]. Бұл мәліметтерді әскери-оперативтік құжаттармен тең дәрежедегі дәлел ретінде емес, соғыстан кейінгі кезеңде батырлық нарративтің қалай институционалданғанын (ресми өмірбаян үлгісінің қалыптасуы, қоғамдық кездесулерді ұйымдастыру арқылы легитимация) көрсететін дерек ретінде пайдалану орынды; сондықтан тактикалық-ситуациялық реконструкцияда дерегі «репрезентация/жады» қабатын сипаттайтын қосымша контекст ретінде енгізілді.

С.Е. Черных (архивист, өлкетанушы) жинақтаған материалдар кешені алынды: машинкамен терілген «Партизанскими тропами» атты очерк мәтіндері (бет нөмірленген парақтар), Қ.Қайсеновке жолданған хат, Қ.Қайсенов кітаптарының тілдер бойынша тізімі (қазақ, орыс, украин, қырғыз тілдеріндегі басылымдар) және таралым/сандық көрсеткіштері, сондай-ақ фотоматериалдар мен иллюстрациялар. Бұл корпус Қайсенов бейнесінің дискурстық қалыптасуын (қаһармандық-идеологиялық сипаттамалар) және оның кейін қоғамдық кеңістікте институционалдануын (атау беру, музейлендіру, мерейтойландыру) бір жүйе ретінде түсіндіруге мүмкіндік береді [9].

Қасым Қайсеновтің партизандық қызметіне арналған еңбектер жеткілікті болғанымен, оларда оның нақты әскери операциялары мен тактикалық шешімдері әскери-тарихи талдау нысаны ретінде жүйеленбеген. Кеңестік және тәуелсіздік кезеңіндегі зерттеулерде Қайсенов бейнесі негізінен батырлық және публицистикалық қырынан ашылған [10].

Осылайша мақала Қайсенов тәжірибесін «шағын соғыс» теориялары аясында қайта пайымдап, отандық тарихнамадағы публицистикалық басымдықты әскери-талдамалық деңгеймен жүйелі түрде толықтыруға бағытталған ұстанымды нақтылайды.

Жүргізілген зерттеу Қасым Қайсеновтің партизандық қызметін дәстүрлі батырлық-биографиялық баяндаудан шығарып, оны Ұлы Отан соғысы кезеңіндегі иррегулярлық соғыстың нақты әскери-стратегиялық феномені ретінде түсіндіруге мүмкіндік берді. Мақалада партизандық әрекеттер моральдық-патриоттық факторлармен ғана емес, мақсат қою, манёвр таңдау, коммуникацияға соққы беру, барлау ұйымдастыру және қауіпсіз шегіну сияқты нақты тактикалық шешімдер арқылы сипатталатыны айқындалды.

Сонымен қатар нәтижелер Қайсеновтің партизандық қызметінің негізгі кезеңдері мен географиялық бағыттарын жүйелеуге мүмкіндік берді. Украина аумағындағы әрекеттері диверсиялық, барлау-шабуыл және тіршілік етуге бағытталған тактикалық эпизодтардың бірізді жиынтығы ретінде көрініс тапты. Бұл әрекеттер стихиялық сипатта емес, нақты

жағдайды бағалауға, тәуекелді есептеуге және қарсыластың реакциясын алдын ала болжауға негізделгенін көрсетті [11].

Дереккөзтанулық және нарративтік талдау мемуарлық материалдардың құндылығымен қатар шектеулерін де көрсетті: кеңестік идеологиялық контекст, автоцензура және кейінгі репрезентациялық «канондану» кей эпизодтардың операциялық параметрлерін (уақыт, орын, күш құрамы, шығын, қарсылас реакциясы) көмескілендіруі мүмкін. Осыған байланысты мақалада тарихи-салыстырмалы әдіс пен тактикалық-ситуациялық реконструкция үйлестіріліп, әр эпизод «мақсат–күштер–манёвр–орта–қарсылас реакциясы–нәтиже/шығын» құрылымымен қайта оқылды. Мұндай әдіс мемуарлық деректі әскери-тарихи талдауға айналдырудың үлгілік тәсілін ұсынды.

Қайсенов тактикасының тарихи маңызы екі деңгейде бағаланды. Аймақтық деңгейде ол партизандық қозғалыстың жергілікті ортаға бейімделу механизмдерін (қауіпсіздік режимі, халықпен байланыс, мобильділік) айқын көрсетеді. Жалпы соғыс тарихы деңгейінде оның диверсиялық және рейдтік әрекеттері қарсыластың тыл тұрақтылығын қажытып, коммуникация мен резерв қозғалысын тежеу арқылы Қызыл Армияның стратегиялық мақсаттарына жанама түрде қызмет еткен фактор ретінде түсіндірілді.

Мемуарлық және қосалқы дереккөздерге сүйенген микро-талдау диверсиялық операциялар мен рейдтердің құрылымдық ұқсастығын анықтады. Теміржол мен байланыс желілеріне бағытталған соққылар қарсыластың логистикасын уақытша бұзумен ғана шектелмей, оның күшін шашыратуға және тыл қауіпсіздігін қайта ұйымдастыруға мәжбүр еткені байқалды. Барлау-шабуыл рейдтері ақпараттың уақыттылығы мен манёврдің қысқалығын шешуші фактор ретінде алға шығарды, ал шегіну мен қоршаудан шығу эпизодтары партизандық соғыста тірі қалудың стратегиялық маңызын дәлелдеді [12].

Зерттеу барысында бұрынғы әдебиеттерде жиі кездесетін публицистикалық және қаһармандық баяндаудың шектеулері анықталды [13]. Қайсенов туралы мемуарлар мен естеліктерде тактикалық тұрғыдан маңызды дайындық, барлау, шегіну, қауіпсіздік элементтері көбіне символикалық деңгейде берілетіні байқалды. Осыған байланысты дереккөзтанулық және нарративтік талдау тәсілдерін қолдану әскери әрекет пен кейінгі репрезентацияны ажыратуға мүмкіндік берді. Бұл тәсіл эпизодтарды мифологизациялаудан аршып, олардың нақты әскери маңызын көрсетуге жағдай жасады [14].

Зерттеудің негізгі нәтижесі ретінде Қайсенов тәжірибесінде қайталанып көрінетін тактикалық үлгілердің жүйесі ұсынылды: (1) қарсыластың коммуникациясына бағытталған диверсиялық интердикция; (2) барлау мәліметіне сүйенген қысқа рейдтік әрекет; (3) қоршаудан шығу және із жасыруға негізделген қауіпсіз шегіну; (4) жергілікті халыққа сүйенетін жасырын желі мен әлеуметтік логистиканы қалыптастыру; (5) шағын топтық мобильді манёвр арқылы асимметриялық күш теңсіздігін басқару. Бұл үлгілер «шағын соғыс» теорияларындағы типтік модельдермен салыстырмалы түрде үйлесіп, Қайсенов әрекеттерін локалдық эпизодтар жиынтығы емес, тактикалық жүйе ретінде пайымдауға негіз қалады. Сонымен қатар нәтижелер Қайсеновтің партизандық қызметінің негізгі кезеңдері мен географиялық бағыттарын жүйелеуге мүмкіндік берді. Украина аумағындағы әрекеттері диверсиялық, барлау-шабуыл және тіршілік етуге бағытталған тактикалық эпизодтардың бірізді жиынтығы ретінде көрініс тапты. Бұл әрекеттер стихиялық сипатта емес, нақты жағдайды бағалауға, тәуекелді есептеуге және қарсыластың реакциясын алдын ала болжауға негізделгенін көрсетті [15].

Теориялық тұрғыдан алғанда, Қайсенов тәжірибесі ХХІ ғасырдағы асимметриялық және гибридік қақтығыстарда өзектілігін жоғалтпаған бірқатар қағидаларды нақтылайды: ақпаратқа сүйенген шешім қабылдау, мобильділік пен қысқа соққыға негізделген әрекет, шегінуді операцияның ажырамас бөлігі ретінде жоспарлау және коммуникацияға жүйелі қысым арқылы қарсыластың стратегиялық еркіндігін шектеу. Бұл қағидалар Қайсенов тәжірибесінің тек тарихи емес, сонымен қатар салыстырмалы-әскери маңызын көрсетеді.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу Қасым Қайсеновтің партизандық қызметін тек батырлық өмірбаян аясында емес, әскери-стратегиялық және тактикалық тұрғыдан қарастырудың маңыздылығын көрсетті. Оның жау тылындағы әрекеттері диверсиялық операциялар, барлау-шабуыл тактикасы, жасырын қозғалу, қауіпсіз шегіну және жергілікті ортаға бейімделу сияқты нақты әскери шешімдер жүйесімен сипатталады. Бұл Қайсенов тәжірибесін Ұлы Отан соғысы жылдарындағы иррегулярлық соғыстың маңызды тарихи үлгісі ретінде бағалауға мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында мемуарлық, архивтік, ресми және теориялық дереккөздерді салыстыра талдау Қайсенов бейнесінің көпқабатты сипатын ашты. Мемуарлар мен естеліктер оның жеке тәжірибесін, психологиялық күйін және тактикалық ойлау ерекшелігін көрсетуге мүмкіндік берсе, архивтік материалдар мен әскери-тарихи зерттеулер бұл деректерді нақтылау және сыни тұрғыдан бағалау үшін қажет болды. Осы тұрғыдан алғанда, Қайсеновтің партизандық қызметі жеке ерлік оқиғаларының жиынтығы ғана емес, нақты жағдайға бейімделген, тәуекелді есептеуге және қарсыластың тылдық жүйесін әлсіретуге бағытталған тактикалық тәжірибе ретінде айқындалды.

Қасым Қайсенов тәжірибесін «шағын соғыс» теориялары аясында талдау отандық тарихнамадағы публицистикалық және қаһармандық сипаттағы баяндауды әскери-талдамалық деңгеймен толықтыруға жол ашады. Оның партизандық қызметі қарсылас коммуникациясына соққы беру, шағын топтық мобильді манёвр, барлау мәліметіне сүйенген қысқа рейд және жергілікті халықпен байланыс орнату сияқты иррегулярлық соғысқа тән негізгі белгілерді қамтиды. Алдағы зерттеулерде Қайсенов қатысқан нақты операцияларды архивтік құжаттар негізінде тереңірек реконструкциялау, оның әскери тәжірибесін Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі басқа партизан командирлерінің тәжірибесімен салыстыру маңызды ғылыми бағыт бола алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. История Великой Отечественной войны Советского Союза. В 6 т. Т. 3. – М.: Воениздат, 1962. – 560 с.
2. Пономаренко П.К. Партизанское движение в Великой Отечественной войне. – М.: Госполитиздат, 1946. – 312 с.
3. Капась И. Без права на правду? Заметки исследователя // Цена Победы = The Price of Victory. – С. 110–115.
4. Қайсенов Қ. Партизан соқпақтары. – Алматы: Жазушы, 1980. – 288 б.
5. Әбдіғалиұлы Б. Ұлы Отан соғысы және Қазақстан. – Алматы: Қазақ университеті, 2010. – 320 б.
6. Shepherd B. The Continuum of Brutality: Wehrmacht Security Divisions in Central Russia, 1942 // German History. – 2003. – Vol. 21, № 1. – P. 49–81.
7. Statiev A. Soviet Partisan Violence against Soviet Civilians: Targeting Their Own // Europe-Asia Studies. – 2014. – Vol. 66, № 9. – P. 1525–1552. DOI: 10.1080/09668136.2014.957928
8. Шығыс Қазақстан облысының мемлекеттік архиві. Коллекция о земляке-писателе Кайсенове Касыме. Май 1978 г. – 2866-қор, 1-тізбе, 639-іс, 1–3 п.
9. Шығыс Қазақстан облысының мемлекеттік архиві. Черных С.Е. Партизанскими тропами: очерк о жизни и творчестве Касыма Кайсенова: машинопись. – 50-қор, 1-тізбе, 606-іс.
10. Сүлейменов Д. Қасым Қайсенов: тағдыр және ерлік. – Алматы: Атамұра, 2008. – 192 б.
11. Қайсенов Қ. Шығармалары: 2 томдық. – Астана: Фолиант, 2013–2014.

12. Zhukov Yu.M. *External Resources and Indiscriminate Violence: Evidence from German-Occupied Belarus* // *World Politics*. – 2017. – Vol. 69, № 1. – P. 54–97. DOI: 10.1017/S0043887116000137
13. Қайсенов Қ. *Жау тылында*. – Алматы: Жазушы, 1973. – 256 б.
14. Kalyvas S.N. *The Logic of Violence in Civil War*. – Cambridge: Cambridge University Press, 2006. – 484 p.
15. Shepherd B. *The Continuum of Brutality: Wehrmacht Security Divisions in Central Russia, 1942* // *German History*. 2003. Vol. 21, № 1. P. 49–81.

References

1. *Istoriya Velikoi Otechestvennoi voiny Sovetskogo Soyuza [History of the Great Patriotic War of the Soviet Union]*. In 6 vols. Vol. 3. Moscow: Voenizdat, 1962. 560 p. [in Russian].
2. Ponomarenko, P.K. *Partizanskoe dvizhenie v Velikoi Otechestvennoi voine [The Partisan Movement in the Great Patriotic War]*. Moscow: Gospolitizdat, 1946. 312 p. [in Russian].
3. Kapas', I. *Bez prava na pravdu? Zametki issledovatelya [Without the Right to Truth? Researcher's Notes]*. In *Tsena Pobedy = The Price of Victory*, pp. 110–115. [in Russian].
4. Qaisenov, Q. *Partizan soqpaqtary [Partisan Paths]*. Almaty: Zhazushy, 1980. 288 p. [in Kazakh].
5. Abdighaliuly, B. *Uly Otan sogysy zhane Qazaqstan [The Great Patriotic War and Kazakhstan]*. Almaty: Qazaq University, 2010. 320 p. [in Kazakh].
6. Shepherd, B. *The Continuum of Brutality: Wehrmacht Security Divisions in Central Russia, 1942*. *German History*, 2003, vol. 21, no. 1, pp. 49–81. [in English].
7. Statiev, A. *Soviet Partisan Violence against Soviet Civilians: Targeting Their Own*. *Europe-Asia Studies*, 2014, vol. 66, no. 9, pp. 1525–1552. DOI: 10.1080/09668136.2014.957928. [in English].
8. Shygys Qazaqstan oblysynyn memlekettik arhivi [State Archive of East Kazakhstan Region]. *Kolleksiya o zemlyake-pisatele Kaisenove Kasyme*. May 1978. 2866-qor, 1-tizbe, 639-is, 1–3 p. [in Russian].
9. Shygys Qazaqstan oblysynyn memlekettik arhivi [State Archive of East Kazakhstan Region]. Chernykh S.E. *Partizanskimi tropami: ocherk o zhizni i tvorchestve Kasyma Kaisenova: mashinopis' [Along Partisan Paths: An Essay on the Life and Work of Kasym Kaisenov: Typescript]*. 50-qor, 1-tizbe, 606-is. [in Russian].
10. Suleimenov, D. *Qasym Qaisenov: tagdyr zhane erlik [Qasym Qaisenov: Fate and Heroism]*. Almaty: Atamura, 2008. 192 p. [in Kazakh].
11. Qaisenov, Q. *Shygarmalary [Works]*. 2 vols. Astana: Foliant, 2013–2014. [in Kazakh].
12. Zhukov, Yu.M. *External Resources and Indiscriminate Violence: Evidence from German-Occupied Belarus*. *World Politics*, 2017, vol. 69, no. 1, pp. 54–97. DOI: 10.1017/S0043887116000137. [in English].
13. Qaisenov, Q. *Zhau tylynda [Behind Enemy Lines]*. Almaty: Zhazushy, 1973. 256 p. [in Kazakh].
14. Kalyvas, S.N. *The Logic of Violence in Civil War*. Cambridge: Cambridge University Press, 2006. 484 p. [in English].
15. Shepherd B. *The Continuum of Brutality: Wehrmacht Security Divisions in Central Russia, 1942* // *German History*. 2003. Vol. 21, № 1. P. 49–81. [in English].